

«Астана орманы» ЖШС директорының  
2020 жылғы 08 маусымдағы  
№76-2Б бүйрекімен бекітілген

**«Астана орманы» ЖШС  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулығы**

**Астана, 2022 жыл**

## **1. Жалпы ережелер**

1.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі осы Нұсқаулықтың негізгі мақсаты Серіктестік қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы ықтимал әрекеттердің, сыйбайлас жемқорлық атмосферасын қалыптастыруды алдын алуға бағытталған.

1.2. Осы Нұсқаулықтың негізгі мақсаты Серіктестік қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа жол бермей және өз қызметтік міндеттерін орындау кезінде адалдық пен бұзылмаушылық қағидаларын қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

## **2. Терминдер мен анықтамалар**

**Серіктестік жұмысшылары** – Серіктестік қызметкерінің әкімшілік-басқару қызметкерлері және инженерлік-техникалық қызметкерлерден тұратын Серіктестікпен еңбек қатынастарында тұрган кез келген жеке тұлға.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қарсы іс-қимылы** - Серіктестіктің лауазымды тұлғаларының өз өкілеттері шеңберіндегі қызметі:

- сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыйбайлас жемқорлық сипаттағы әрекеттерді жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу);
- Сыбайлас жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттердің алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу, тергеу, олардың зардалтарын жою (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес).

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат** – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған қызмет.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар** - Серіктестік қызметі үшін белгіленген жемқорлықты ескертуге бағытталған ұсынымдар жүйесі.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау** - Серіктестіктің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу бойынша қызметі.

**Мұдделер қақтығысы** – лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттері арасындағы қайшылық, бұл ретте осы адамдардың жеке мұдделері өздерінің қызметтік өкілеттіктерін тиісінше орындауға әкеп соғуы мүмкін;

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

**Сыбайлас жемқорлықты ескерту** – Серіктестіктің алдын алу шаралар жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлық әрекеттерін

жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зеріттеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

### **3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы міндеттер**

3.1. Нұсқаулық келесі міндеттерді шешуді қарастырады:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында біріңгай саясатты жүзеге асыру;
- Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністер төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;
- Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін, сондай-ақ үшінші тұлғаларды сыбайлас жемқорлық әрекеттерге тарту тәуекелін барынша азайту;
- осы саясаттың 1-қосымшасына сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды өзірлеу және енгізу;
- Серіктестік қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Серіктестік қызметін реттейтін ішкі нормативтік құқықтық актілерді мултіксіз орындауға тәрбиелеу;
- Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық факторларының орын алуын болдырмау;
- жұмыстарды орындау және қызмет көрсету кезінде ашық, әділ бәсекелестік пен объективтілікті қамтамасыз ету;
- 3.2. Нұсқаулық Серіктестік қызметкерлеріне әкімшілік-басқару персоналынан және инженерлік техникалық қызметкерден олардың лауазымына, атқаратын қызметтеріне және жұмыс істеу мерзіміне қарамастан қолданылатын жалпыға бірдей міндетті нормалар мен ережелерді қамтиды.

### **6. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен күресу шаралары**

6.1. Серіктестік қызметтерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы ықтимал бағыттары.

- 1) сыйлықтар мен өкілетті шығыстар;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл маселелеріне үшінші тұлғаларды тарту;
- 3) мемлекеттік жүзеге асыруға уәкілетті, сондай-ақ оларға теңестірілген мемлекеттік жауапты лауазымды атқаратын тұлғаларға төлемдер;
- 4) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;

- 5) Серіктестік қызмет шеңберінде мәмілелерді жасау, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу;
- 6) қызметкерлерді басқару
- 7) ішкі құжаттарға қаржылық-құқықтық сараптама жүргізу.

## **6.2. Сыйлықтар мен өкілетті шығындар.**

6.2.1. Серіктестік бизнесті жүргізу мен жалпы қабылдаған іскерлік тәжірбие ретінде іскерлік сыйлықтармен және өкілетті шығындарын, оның ішінде іскерлік қонақжайлышпен алмасуды мойындайды. Серіктестік іскерлік сыйлықтар мен қонақжайлышқа шығындарына қатысты адалдық пен ашықтық атмосферасын ынталдандырады.

6.2.2. Серіктестік қызметкерлеріне қандай да бір сыйлықтарға /іскерлік қонақжайлышқа белгілеріне/ өкілетті шығындар, уәде беруге, ұсынуға, талап етуге, сұрауға, қабылдауға тиым салынады, егер мұндай әрекеттер/ сыйлықтар:

- Серіктестік қызметін сақтауға, кенейтуге немесе онтайландыруға әсер ететін шешімдерді қабылдауға тандаулы әсер ету немесе егер бұл әрекеттерсіз қолайлы салдардың басталуы шындыққа жанаспайтын болса, қандай да бір артықшылықтар немесе пайда алу үшін тікелей немесе жанама мақсаты бар;

- Серіктестік атынан емес, қызметкердің атынан беріледі;

- сыйлықтар және өкілетті немесе қонақжайлышқа шығындар туралы ақпарат анықталған жағдайда Серіктестік пен оның қызметкерлеріне беделді немесе басқада тәуекелділік тудырады;

- қолма-қол немесе қолма-қолсыз ақша қаражаттарымен, бағалы қағаздармен, бағалы металдармен немесе ақша қаражаттарының түрлері мен эквиваленті және/немесе сәнді заттар табылады;

- тақырып түрғысынан, құны, нақты жағдай негізделмеген, ақылға қонымды емес.

6.2.3. Серіктестікке жасаған сатып алулардың кез келген әлеуетті қатысуышынан сыйлықтар мен қонақжайлышқа белгілерін қабылдауға тиым салынады. Осы Саясаттың талаптарымен іс шаралар немесе іскерлік сыйлықтар сәйкестігіне күмәндар туған жағдайда, Серіктестік қызметкерін немесе лауазымды тұлғаға Серіктестіктің тікелей басшысымен немесе қауіпсіздік бөлімше басшысымен көнсөз қажет.

## **6.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелеріне үшінші тұлғаларды тарту.**

6.3.1. Серіктестік Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының іс-қимыл қағидаттары мен талаптарын бұзатын, осы Нұсқаулықтың немесе Серіктестіктің іскерлік беделін жоғалтуға тәуекелділік

тудыратын үшінші тұлғаларды тартудан және серіктестермен бірлескен кәсіпорындарға қатысуға бас тартады.

6.3.2. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау мен жалғастыру немесе бірлескен жобаларға қатысу туралы шешім қабылдағанға дейін, үшінші тұлғаны тартуға ықпал ететін Серіктестіктің сәйкес келетін құрылымдық бөлімшелері келесі шараларды қабылдау қажет:

- ішкі тәртіп ережелерімен белгіленген Серіктестік қызмет бағыты ережесі үрдісін қатаң сақтау;

- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің пайда болуы мүмкін бірлескен жобалардағы серіктестер туралы жалпыға қолжетімді ақпаратты жинауда жүргізілетін келесі үрдістер:

а) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы өзінің жеке саясаты мен рәсімдерінің болуы туралы ақпарат алу;

б) іскерлік беделі мердігерлер қақтығысының жоқтығын тексеру;

в) жалған кәсіпкерлік субъектісі, сенімділігі, салықтық және басқада берешектің болуы туралы мәліметтер алу.

6.3.3 Серіктестік үшінші тұлғалармен және бірлескен жобалардағы серіктестер тарапынан сыйбайлас жемқорлық анықталған жағдайда мәмілелерді тоқтату құқығын өзіне қалдырады.

6.3.4. Осы Нұсқаулықтың қағидаттары мен талаптары туралы үшінші тұлғаларды және бірлескен жобалардағы серіктестерді хабардар ету.

6.3.5. Серіктестік үшінші тұлғалар мен бірлескен жобалардағы серіктестердің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын, сондай-ақ, өткізу стандартын қолдайды.

#### **6.4. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғаларға, мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ, оған теңестірілген тұлғаларға төлемдер.**

6.4.1. Серіктестік дербес немесе өз қызметкерлері арқылы жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалардың, мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдардың, сондай-ақ, оған теңестірілген тұлғалардың, олардың жақын туыстарының коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында, оның ішінде көлікке, тұруға, тамактануға, ойын-сауыққа, PR-науқанға және т.б. шығындар мен олардың өз пайдасы үшін Серіктестік есебінен өз есебіне алуға кеткен шығындарды өзіне алмайды.

6.4.2. Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес

мемлекеттік қызметшілер мен өзара іс-қымыл жасау кезінде сыйлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін дербес жауапты болады.

#### **6.5. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету.**

6.5.1. Серіктестік өз қызметін қолдауға, кеңейтуге немесе оңтайландыруға әсер ететін мемлекеттік ұйымдар мен басқа тұлғалар өкілдерінің шешімдер қабылдауына тікелей немесе жанама әсер ету, мақсатында қайырымдылық, демеушілік және қаржылық көмек көрсетпейді.

Серіктестіктің қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетуге жұмсалған шығындары туралы ақпарат ашық болуы тиіс.

6.5.2. Серіктестік лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге өз атынан қайырымдылық және/немесе демеушілік қызмет көрсетуге тиым салмайды.

#### **6.6. Серіктестік қызмет шенберінде мәмілелер жасау, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;**

6.6.1. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жоспарлау және өткізу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу заңнамасын ғана басшылыққа алады.

6.6.2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу заңында көзделген жағдайларды қоспағанда әлеуетті өнім берушілерге сатып алу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру, сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету, сыйлас жемқорлыққа жол бермеу, атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және борышкерлердің бірінгай тізіміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) өзі қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу, сатып алуға жұмсалған қаражатты оңтайлы және тиімді пайдалану.

#### **6.7. Қызметкерлерді басқару.**

6.7.1. Серіктестік кадрлық шешімдер қабылдауда объективтілік пен адалдық қағидаттарын ұстанады. Қызметкерлерді қабылдау, бағалау, жоғарлату және жұмыстан босату кезінде сыйлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында Серіктестік:

- кадрларды іріктеу мен іріктеудің ашық рәсімдерін және лауазымға тиісті біліктілік талаптарын белгіленген тәртіппен әзірлейді және бекітеді;
- енбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға дейін жұмысқа орналасуға кандидаттарды олардың сенімділігіне және мүдделер қақтығысының болмауына тексереді;
- қызметкердің жұмысын бағалайды және оның қызметінің негізгі көрсеткіштері мен кәсіби жетістіктерінің орындалу негізінде сыйақы төлейді;
- қызметтік көрсеткіштері мен кәсіби жетістіктері қорытындысы негізінде қызметкерлердің жұмысын бағалайды және сыйақы төлейді.

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша қызметкерлермен еңбек қатынастарын тоқтату тәртібі жүзеге асырылады.

#### **6.8. Ішкі құжаттардың қаржылық және құқықтық сараптамасы.**

6.8.1. Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарына қаржылық-құқықтық сараптама, оның ішінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын (сыбайлас жемқорлық факторларын) жасауға ықпал ететін ережелердің бар-жоғын анықтау және оларды жоюға бағытталған ұсынымдар өзірлеу мақсаттында келісу үшін ұсынылған ішкі нормативтік құжаттардың жобалары.

#### **7. Мұдделер қақтығысың алдын алу және басқару тәртібі.**

7.1. Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің міндеттері:

- мұдделер қақтығысына байланысты тәуекелдердің іске асырылуын болдырмау және оларды реттеу шараларын қабылдау.

- өзерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке мұдделері Серіктестік мұдделеріне қайшы келетін жағдайлардан алшақ болу, осы жағдайларды болдырмау және Серіктестік мұддесін басшылыққа алу. Мұдделер қақтығысы туындаған жағдайда (немесе оның туындау мүмкіндігі) бұл ақпаратты жазбаша түрде Серіктестіктің тікелей басшысына немесе жоғарғы басшысына жеткізу.

7.2. Мұдделер қақтығысын алдын-алу немесе реттеу мұдделер қақтығысының тарапы болып табылатын Серіктестік қызметкерінің қызметтік міндетінен және (немесе) мұдделер қақтығысын тудырған пайдадан бас тарытқан кезде оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін орындаудан шектеуге дейін өзгертуден тұруы мумкін.

#### **8. Сыбайлас жемқорлық сипаттағы әрекеттер туралы хабарлама.**

8.1. Серіктестіктің лауазымды тұлғасы немесе қызметкері жасаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетінің Серіктестікте орын алғаны туралы қандай да бір дәлелдер болса, бұл туралы тікелей немесе жоғары тұрған басшыға дереу хабарлау керек.

8.2. Серіктестік қызметкерлері басқа қызметкердің, сондай-ақ, үшінші тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасауға итермелей фактілерін анықтаған және/немесе қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттерін жасауға бейімделген фактілер немесе күдіктер туралы ақпарат болған жағдайда дереу тікелей немесе жоғары тұрған басшыға хабарлауға міндетті.

#### **9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтар бойынша тергеулер.**

9.1. Серіктестікегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар тексеріледі немесе Серіктестіктің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен тексеру жүргізіледі.

9.2. Егер қызметтік тексеру нәтижесінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы фактісі анықталса, тергеп-тексерудің аяқталуы болып сыйбайлас жемқорлыққа қарсы кез-келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидатына негізделген еңбек қатынастар тоқтатылғанға дейін түзету шараларын қабылдау болып табылады және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік үйымдарға беру саналады.

## **10. Жауапкершілік**

10.1. Серіктестік қызметкерлері осы Нұсқаулықтың талаптарының мүлтіксіз орындалуына жауапты.

10.2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған Серіктестіктің лауазымды тұлғалар мен қызметкерлері Қазақстан Республикасы сотының заңды күшіне енген шешімін қоспағанда, Серіктестікке келтірілген материалдық залалды өтеуден босатылмайды.

10.3. Нұсқаулық талаптарын бұзу Серіктестік қызметкерінің мәртебесіне сәйкес келмейтін іс-әрекет ретінде қарастырылуы және тәртіптік жаза қолдану үшін негіз болуы мүмкін.

10.4. Нұсқаулық талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзғаны үшін көрсетілген жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғуы мүмкін.

## **11. Қорытынды ережелер.**

11.1. Осы Нұсқаулықтың күшіне ену күні Серіктестік директоры бекіткен күн болып табылады.

11.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Серіктестіктің ІНК-на өзгертулер мен толықтыруларды енгізілген жағдайда осы Нұсқаулыққа өзгертулер жасалады. Осы Нұсқаулықтың өзгертулері мен толықтырулары Серіктестік директорымен бекітіледі.